

**МКҚК №20 «Дидар» балабақшасының
қамқоршылық кеңесі отырысының № 2 хаттамасы**

Өткізілген күні: 11.12.2025 жыл

Қатысқаны: 8 адам

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1.2024-2025 оқу жылында № 20 «Дидар» балабақшасы МКҚК -да атқарылған жұмыстардың есебі

2.Балабақшаның өмірімен танысу (күн тәртібінің орындалуы, оқу қызметінің жоспарлы өтуі, балалардың тамақтану процесін қадағалау, мерекелік іс-шаралардың өткізілуі)

3.2025 жылдың жылдың ас мәзірін бекіту.

4.Балабақша тәрбиеленушілерінің әлеуметтік жағдайын зерделеу.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі 1-ші мәселе бойынша – меңгеруші Туребаева Д.Т

2024-2025 оқу жылындағы № 20 «Дидар» балабақшасында көптеген жұмыстар жоспарланып жүзеге асырылды. Атап айтсақ: Топ бөлмелеріне жөндеу жұмыстары жүргізіліп, есіктер алмастырылды. Балабақша ауласындағы ойын алаңдары жаңартылды. Балабақшада қосымша ақылы қызмет есебінен қабырғаларға жаңа үлгідегі стендтер, бұрыштар жасақталды. Музыка залы қабырғалары жасақталды. Ақылы курстар өтетін бөлме безендірілді.

Қамқоршылық кеңестің осы оқу жыл аяғында жұмыстары белсенді аяқталды, жоспарланған жұмыстар жасалды. Сонымен қатар топтарда 2 қатарлы – 90 дана балалар кереуеті, 80 дана -1 қатарлы балалар кереуеті жаңартылды. Ас үй бөлмесіне 1-тоңазытқыш, 1 мұздатқыш, 1-екінші тағам пісіретін құрылғы алынды. Қосымша ақылы қызмет есебінен қабырғаларға жаңа үлгідегі стендтер жасақталды. Балабақшаның техникалық базасын нығайту мақсатында, қазіргі уақытта балабақшамызда, дидактикалық көрнекілік материалдар, әдістемелік құрал жабдықтарды жаңарту, заттық дамытушы ортаны кеңейтіп, жасақтау, ұлттық құрал-жабдықтармен музыкалық аспаптар жеткіліксіз.

Күн тәртібіндегі 2-ші мәселе бойынша

Тәрбиеленушілер күн тәртібіне сай әрекет етуде. Серуен, ойын, оқу кезектілігі білім беру стандартына сай сақталған. Тәрбиеленушілерді білімге, шығармашылыққа, спортқа қызығушылығын арттыру және шығармашылық қабілеттерін дамыту жан-

жақты дамуына ,жеке адамдық ерекшеліктеріне көңіл бөлу керек.Әр баланы тәрбиелеу біздің мақсатымыз.Біздің балабақшамызда әртүрлі байқаулар өткізіліп,қалалық облыстық байқауларға қатынасып, жүлделі орындар алудамыз. Күннің екінші жартысында балалар ата-ана сұранысы негізінде құрылған ақылы қызмет түрлеріне қатынасады.

Күн тәртібіндегі 3-ші мәселе бойынша

Балаларға арналған тағам сапасы талапқа сай, ас мәзірінде көрсетілген барлық тағам түрлері уақытылы талапқа сай жеткізіледі. Санитарлық тазалық деңгейі жақсы деңгейде.Балабақшадағы тәрбиеленуші балаларды тамақтандыру үшін арналған 10 күндік ас мәзірімен САН ПИН талабына сай қажетті дәрумендермен толықтырылған түрде жасалғандығы айтылды.

Күн тәртібіндегі 4 -ші мәселе бойынша


Балабақша тәрбиеленушілерінің әлеуметтік жағдайын зерделеу бойынша :

- Аз қамтылған отбасы -2
- Көп балалы отбасы -52
- Толық емес отбасы – 29
- Өгей әке,өгей шешемен тұратын бала – 2
- Жетім және қамқоршылықтығы бала - 0
- Қолайсыз отбасы - 0

Шешімі:


1. 2024-2025 оқу жылында № 20 «Дидар» балабақшасы МКҚК -да атқарылған жұмыстардың есебі қанағаттанарлық деп қабылдансын.
2. Балабақша күн тәртібі бойынша жұмысын жалғастырсын.
- 3.Балабақшадағы тәрбиеленуші балаларды тамақтандыру үшін 10 күндік ас мәзірі келісілсін.
4. Балабақша тәрбиеленушілерінің әлеуметтік жағдайы бойынша қанағаттанарлық деп қабылдансын.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы :



Буркитова Г.М

Хатшы:



Атагалиева Н.Ж